# Әңгіме жазудың төресі- Төлен Әбдік




«Кітап, кітапхана мәңгілік парасаттың ең киелі ғимараты»,- деген Ә.Кекілбаевтың нақыл сөзінің дәлеліндей Талдыбұлақ ауылдық кітапханасында Т.Әбдіктің шығармаларын оқырмандарға кеңінен насихаттау мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылды. Кітапханашы А.Асанбаева жазушының өміріне кеңінен тоқталып, көрмеге қойылған шығармаларына тоқталды.

Т.Әбдік 1942 жылы 4 қыркүйекте Қостанай облысы, Жангелді ауылы «Еңбек» ауылында дүниеге келген. Жазушы өзінің білімін шыңдау мақсатында Әл Фараби атындағы Ұлттық Университетті бітіреді.

Төлен атамыз жайлы кеңінен баяндап, ол кісінің «Жалын», «Қазақ әдебиеті», «Ұлан» айтулы баспаларында еңбек еткендігін айтып, оқырмандарға тың мағлұмат берді. Сонымен қатар, айтылған мағлұматтар арасынан жазушының домбырада күй орындаудың шебері, еркін күрестен спорт шебері болғандығы оқырмандарды таңғалдырды. Оқырмандар арасында «Ақшоқыда қыс қатты», «Біз үшеуе дік» шығармалары аясында викториналық сұрақтар қойылып, талданса, «Күзгі жапырақтар», «Өліара» шығармалары бойынша кейіпкерлер монологы оқылды және «Айтылмаған ақиқат», «Ақиқат» шығармалары негізінде буктрейлер, буккросинг кітапханашы Арай Қобыландының ұйымдастыруымен жүргізілді. Оқырмандар жүрегінен орын алған іс-шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын таппақ. Кітап рухани қазына екенін еш естен шығармайық!

**А.Е.Асанбаева,**

**Талдыбұлақ ауылдық кітапханасының кітапханашысы**